

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 2025 жылғы 5 наурыздағы № 2 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 21.05.2025 № 4 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2025 жылғы 4 наурыздағы №15-4-1/119 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Ұсақ мүйізді малдар арасында "Инфекциялық энтеротоксимия (*Clostridium perfringens*) қоздырғышы анықталуына байланысты, Қарқаралы ауданы, М.Мамыраев ауылдық округіне қарасты Чкалов қыстағында орналасқан "Айса" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімі

К.Тусупов